



Бүкіләлемдік радио күніне арналған
 «Симбиоз шешім: Интернет және сандық сауаттылық»

III Халықаралық журналистика және
 коммуникация Қысқы мектебінің

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖИНАҒЫ

«Тау-Тұран» Білім беру-сауықтыру кешені
 Алматы облысы, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағы, Қазақстан
 5-7 ақпан 2016 жыл

METHODOLOGICAL PROCEEDINGS

III International Winter School of journalism and communication

«Symbiosis solution: The Internet and digital literacy»

dedicated to the World Day of Radio

«Tau-Turan» educational and recreation complex
 Almaty region, Ile-Alatau State National Park, Kazakhstan
 February 5-7, 2016

МЕТОДИЧЕСКИЙ СБОРНИК

III Международной Зимней школы журналистики и коммуникации

«Симбиоз-решение: Интернет и цифровая грамотность»

посвященный Всемирному дню радио

Образовательно-оздоровительный комплекс «Тау-Тұран»,
 Алматын саябағы, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағы,
 Национальный Парк, Казахстан
 5-7 февраля 2016 г.

Жалпы редакциясын басқарған
Саяси ғылымдардың докторы, профессор Г.С. Сұлтанбаева

Жауапты редактор
аға оқытушы А.Б. Әлімжанова

Симбиоз шешім: Интернет және сандық сауаттылық: III Халықаралық журналистика және коммуникация Қысқы мектебінің әдістемелік жинағы. 5-7 ақпан, 2016 ж. / жалпы ред. бас. Г.Сұлтанбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 146 б.

ISBN 978-601-04-1659-8

III Халықаралық журналистика Және коммуникация Қысқы мектебінің материалдары әдістемелік жинақ ретінде ұсынылып отыр.

Жинақ оқытушыларға, сондай-ақ студенттерге, магистранттар мен PhD докторанттарға арналған тәжірибелік кеңестер мен нұсқаулықтардан тұрады.

Құрманбаева А.Ә.,

профессор,

Әлім Ә.А.,

оқытушы

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультеті

АЗАМАТТЫҚ ЖУРНАЛИТИКА

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жарияланған сәттен бері бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты қаруына айналып келеді. Нақтылай айтсақ, ел егемендігі мен тәуелсіздігі жолындағы саяси күресте, әсіресе, қазақ басылымдарының тарихи рөлі ерекше. Осы мәселеге айрықша көңіл бөлген ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «... біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табуы тиіс. Оның үстіне бізде өзіміздің ішкі және сыртқы саяси қағидаларымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті» [1], – деп айтқаны белгілі.

Қазақстан қоғамындағы билік пен БАҚ арасындағы байланыс та елдегі саяси реформаларды модернизациялау кезеңімен дамуда. Яғни бұл билік пен БАҚ арасындағы байланыс жолдарының үздіксіз айналымда болатындығын айқындайды. Және де биліктің Президент, Парламент институттары, арадағы саяси партиялар мен топтар, саяси элита мен күштер арасындағы осынау тынымсыз да үздіксіз, жылдам да кедергісіз байланыстарды жүзеге асыратын қуатты құрал – бұқаралық ақпарат құралдары болып қалмақ.

Біздің бүгінгі тақырыбымыздың аясында сұрақтар легі өте көп қойылады. «Азаматтық журналистика дегеніміз не?», «Азаматтық журналистикамен кімдер айналысады?», «Азаматтық журналист мамандығын қайдан иегруге болады?» т.с.с.

Азаматтық журналистика – ақпарат жинауда, есеп беруде, сараптама жасауда және жаңалық таратуда белсенді рөл атқарады. Азаматтық журналистика – БАҚ арқылы ақпарат тарату үздіксіз процесін қарқынды етуге көмектеседі.

«Алаш айнасы» газетінде Айымгүл Елемесқызының берген жауабына назар салар болсақ, «Басқа мамандық иелері әшейін